

**Балаларға қосымша білім беру ұйымдары  
педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Қосымша білім берудің музыка бағытында (этносольфеджио) балалардың  
әлеуметтік-тұлғалық дамуын ұйымдастырудың заманауи жолдары»**

**(72 сағат)**

**Түсініктеме хат**

Балаларға қосымша білім берудің қазақстандық заманауи жүйесі білім алушылардың білімдік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беру желісін дамыту және мазмұнын жетілдіру көзделген. Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың нәтижесі бірқатар ұйымдастырушылық, кадрлық, ғылыми, әдістемелік-бағдарламалық, материалдық-техникалық мәселелерді шешуге байланысты.

Біздің еліміздің мәдениетінде музыкалық өнердің даму деңгейіне әсер ететін кәсіби музыканттарды дайындау мәселелері аса маңызды орынды алады.

Тұлғаның музыкалық мәдениетін қалыптастыратын анықтаушы фактор - эстетикалық тәрбиенің ажырамайтын бөлігі музыкалық тәрбие болып саналады.

Этносольфеджио пәні дәстүрлі музыкалық мәдениеттің негізі жөнінде білім береді және қазақ музыкасының материалы негізінде музыкалық естуді тәрбиелейді. Музыкалық мәдениет – әр түрлі музыкалық жанрлар, стильдер және бағыттарға бағдарлай алатын, музыкалық-теориялық және эстетикалық сипаттағы білім, жіңішке музыкалық дауысқа ие болу, әр түрлі музыкалық шығармалар мазмұнына эмоциялы түрде үн қосу қабілеттілігі, сондай-ақ шығармашылық-орындаушылық дағдылар – ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, хореографиялық дағдылар және күрделі интегративті білім беру.

Заманауи белсенді, шығармашыл, интеллекті дамыған балаларға бәсекелі, жоғары технологиялық әлемде сәтті болуға көмектесетін жаңашыл мұғалім қажет.

Жалпы бағдарлама көлемі – 72 академиялық сағат.

Сабақтар Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдары қызметінің теориялық және практикалық тәжірибесімен танысу, тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және жобаларды қорғауды қарастыратын, дәріс және практикалық түрде өткізіледі.

Оқу бағдарламасы 4 негізгі модульдерден тұрады:

**Нормативтік құқықтық модуль:** курс тыңдаушыларына қосымша білім берудің нормативтік құқықтық құжаттардың жаңару мәселелерін, педагогикалық кадрларды аттестаттау мәселелерін, заманауи мемлекеттік-қоғамдық басқару, мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің ғылыми негіздерін ашып көрсетеді.

**Психологиялық-педагогикалық модуль** балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс істеудегі, бала тұлғасын, балалардың жас ерекшеліктерін дамытудағы білімдерін жетілдіруді болжайды, педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастардың тұлғааралық мәселелерін және киікшіңдердің алдын алуын қарастырады.

**Теориялық-технологиялық модуль** музыкалық бағыттағы құзыреттілікке бағдарланған білім беруге көшу жағдайындағы педагогикалық қызметті жетілдіруді қарастырады. Этносольфеджио дамуының заманауи тенденцияларын ашып көрсетеді.

Бағдарламаның **тәжірибеге бағдарлау модулі** бала тұлғасының дамуына бағытталған музыкалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтерінің тәрбие және оқыту қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі педагогикалық технологияларды ашып көрсетеді.

**Мақсатты топтың сипаттамасы** - қосымша білім беру педагогтері, музыка мектептерінің мұғалімдері.

**Курс өткізудің негізгі түрлері:** дәрістер, семинарлар, практикумдер, шығармашылық шеберхана, шеберлік сыныптар, тренингтер.

**Курстың мақсаты:**

- музыкалық бағыттағы қосымша білім беру саласындағы педагог-музыканттардың өзекті тақырыптар мен инновациялық технологиялар бойынша өздігінен білім алу мазмұнын анықтауға ықпал ету, жеке педагогикалық тәжірибенің рефлексиясы және оны жетілдірудегі кәсіби білімін жаңарту және кеңейту.

**Курс міндеттері:**

- 1) қосымша білім беру жүйесіндегі заңнамалық, нормативтік құқықтық базаны жаңаруы жөнінде тыңдаушыларды хабардар ету;
- 2) этносольфеждио бойынша заманауи білім беру технологиялары жөніндегі әдістемелік және теориялық білімдерін жетілдіру;
- 3) музыкалық бағыттағы тәрбие түрлеріндегі ықпалдастық әдістің дағдыларын меңгеруге үйрету;
- 4) музыкалық бағыт бойынша ізденудің әртүрлі тәсілдері жөніндегі (анықтама деректерінде және интернет желісінің ашық оқу ақпараттық кеңістігінде), ақпараттарды жинау, өңдеу, талдау, ұйымдастыру, табыстау туралы түсініктерін қалыптастыру.

	Модульдің атауы	Сағат саны	Нысан	
			дәріс	практика
1.	<b>Нормативтік құқықтық модуль</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>0</b>
1.1.	Кіріспе. Курстың жалпы сипаттамасы	2	2	0
1.2.	Білім саласындағы заңнамалар. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының заманауи қызметін реттеудің нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.3.	Қосымша білім беру педагог кадрларын аттестаттау мәселелері	2	2	0
2.	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
2.1.	Білім беру үдерісінің сапасын арттырудың психологиялық-педагогикалық негіздері. Балалардың әлеуметтік-тұлғалық даму ерекшеліктері	4	2	2
2.2.	Балалар дарындылығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	4	2	2
3.	<b>Теориялық-технологиялық модуль</b>	<b>28</b>	<b>18</b>	<b>10</b>
3.1.	Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсіл	2	2	0
3.2.	Этносольфеджио дамуындағы заманауи тенденциялар.Этносольфеджио курсында қазақ әндерінің диктантын өткізу әдістемесі	2	0	2
3.3.	Шеберлік сынып: «Этносольфеджио курсын өткізу әдістемесі: жаңа тәсілдер мен шешімдер»	4	2	2
3.4.	Балалар музыка мектептерінде музыка әдебиетісабақтарында мультимедиалық білім беру ресурстары	4	2	2
3.5.		2	2	0
3.6.	Білім беру үдерісіндегі музыкалық өнер	4	2	2

3.7.	Этносьольфеджио курсындағы домбыра күйінің композициясы	4	4	0
3.8.	Домбыра күйлерін талдау әдістемесі	4	4	0
3.9.	Қазақстанда этносьольфеджионың қалыптасуы. ХХ ғасырдың музыкалық мәдениетіндегі этносьольфеджио Шеберлік сынып: «Музыкалық білім берудегі этносьольфеджио»	2	0	2
4.	<b>Тәжірибеге бағдарланған модуль</b>	<b>30</b>	<b>0</b>	<b>30</b>
4.1.	«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясындағы «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі»	6	0	6
4.2.	Қазақ музыкасы. Қазақ дәстүрлі музыкасының негізгі даму кезеңдері	6	0	6
4.3.	Халық аспаптарында оркестрлік-ансамбльдік орындаушылықтың заманауи тенденциялары	4	0	4
4.4.	Музыкант-орындаушыны дайындаудың заманауи жүйесі және дәстүрлі оқыту әдістемесі	4	0	4
4.5.	Күй. Қылқобызда күйлерді орындаудың негіздері	4	0	4
4.6.	Қазақ дәстүрлі музыкасының түрлері мен жанрлары	4	0	4
4.7.	Шеберлік сынып: «Балалар музыка мектептерінде музыка әдебиеті сабақтарында композиторлар туралы фильмдерді қолданудың әдістемесі. «Біржан сал Қожағұлұлы»	2	0	2
		<b>72</b>	<b>28</b>	<b>44</b>

### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 2012 жылғы 14

- желтоқсандағы Қазақстан халқына жолдауы
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 ж.)
  3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы
  4. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 07 тамыздағы № 323 бұйрығы
  5. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 заңымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
  6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
  7. Жексенбаева Ү.Б. Қазіргі заманғы мектептегі құзіреттілікке бағдарланған білім. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2009. 190 бет.
  8. «Қазақ музыка әдебиеті» Қазақстан Республикасының Балалар музыкалық мектептеріне арналған оқу бағдарламасы (8-жыл оқыту мерзімімен) – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана, 2012.50 б.
  9. «Сольфеджио» Қазақстан Республикасының Балалар музыкалық мектептеріне арналған оқу бағдарламасы (8-жыл оқыту мерзімімен) – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана, 2012.67 б.
  10. Балалардың музыка мектептері мен музыкалық бағыттағы балалар өнер мектептеріне арналған үлгілік оқу бағдарламалары (домбыра, қобыз, қыл-қобыз, жетіген, сазсырнай, қазақ ұлттық аспаптар оркестрі)
  11. Әлпейісова Г. Қазақстандағы этносольфеджионың теориялық және практикалық аспектілері. Алматы, 2003. 3 б.
  12. Аманов Б.Ж., Мұхамбетова А.И. «Қазақтың дәстүрлі музыкасы және XX ғасыр». Алматы, 2002.